

**«СӘРСЕН АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫС  
ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ» КЕ АҚ**

**БЕКІТІЛГЕН**

**«Сәрсен Аманжолов  
атындағы Шығыс Қазақстан  
университеті» КЕ АҚ  
Директорлар кеңесінің**




**2024 ж.**

**МУДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН АНЫҚТАУ  
ЖӘНЕ РЕТТЕУ ЖӨНІНДЕГІ САЯСАТ  
ЕРЕЖЕ**

**Е ШҚУ 008-24  
Екінші басылым**


**Көшірме № \_\_\_\_\_  
Енгізу күні \_\_\_\_\_**

**Өскемен қаласы  
2024 ж.**

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру күні 2027 ж.
	Мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу жөніндегі саясат туралы	Е ШҚУ 008-24	2 бет 11 беттің

## Мазмұны

1	Жалпы ережелер.....	3
2	Нормативтік сілтемелер.....	3
3	Белгілер мен қысқартулар .....	3
4	Негізгі ұғымдар.....	4
5	Мүдделер қақтығысын басқарудың негізгі принциптері .....	4
6	Мүдделер қақтығысын анықтау .....	5
7	Мүдделер қақтығысын реттеу .....	5
8	Өзгерістер .....	6
9	Келісу, сақтау және тарату .....	7

	<b>«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ</b>		Келесі тексеру күні 2027 ж.
	Мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу жөніндегі саясат туралы	Е ШҚУ 008-24	3 бет 11 беттің

## **1 Жалпы ережелер**

1.1 «Мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу жөніндегі саясат туралы» ереже (бұдан әрі - Саясат) «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ (бұдан әрі - Университет) мүдделер қақтығысын реттеудің, уақтылы анықтаудың және болдырмаудың жалпы қағидаттарын бекітетін құжат болып табылады.

1.2 Осы Саясат Университеттің барлық қызметкерлеріне, білім алушыларға, сондай-ақ Университет атынан әрекет ететін тұлғаларға қолданылады.

1.3 Саясат қызметкерлер мен профессорлық-оқытушылық құрамға танысу үшін міндетті болып табылады, Университеттің ресми интернет-ресурсында орналастырылуға тиіс.

1.4 Құрылымдық бөлімшелердің басшылары, Университеттің академиялық топтарының кураторлары осы Саясаттың талаптарын мүдделер қақтығысы субъектілеріне жеткізеді.

## **2 Нормативтік сілтемелер**

2.1 Осы Саясат келесі нормативтік құжаттарды ескере отырып әзірленді:

- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңы;
- «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасының Заңы;
- «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ 2020 жылғы 21 мамырдағы №304 Жарғысы;
- 2020 жылғы 27 ақпандағы «Әдеп ережелері»;
- 2020 жылғы 31 желтоқсандағы Академиялық адалдық ережелері;
- 2021 жылғы 09 наурыздағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт».

## **3 Белгілер мен қысқартулар**

Университет – «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғам;


ШҚУ ҚР – Шығыс Қазақстан университеттің құжатталған рәсімі;

СІҚЕЖЖБӨ – сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі жөніндегі басшылықтың өкілі;

СХЫЖАБ – стратегия, халықаралық ынтымақтастық және аккредиттеу бөлімі;

ҚБЖ – құрылымдық бөлімнің жетекшісі;

ҚҚЕЖББ – құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімі.

	<b>«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ</b>		Келесі тексеру күні 2027 ж.
	Мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу жөніндегі саясат туралы	Е ШҚУ 008-24	4 бет 11 беттің

## **4 Негізгі ұғымдар**

4.1 Осы Саясатта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

4.1.1 Жеке мүдде - Университет қызметкерінің функционалдық міндеттерін орындау кезінде өзі үшін, үшінші тұлғалар үшін, соның ішінде мүліктік, корпоративтік немесе өзге де қатынастармен байланысты өзіне жақын туыстық немесе жекжаттықта тұрғандар үшін мүліктік немесе мүліктік емес пайдалар алу мүмкіндігімен байланысты мүдделілігі;

4.1.2 Мүдделер қақтығысын реттеу - мүдделер қақтығысын Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған әдістермен болғызбау (шешу);

4.1.3 Мүдделер қақтығысы субъектісі - білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылар, Университет қызметкерлері, оның ішінде жұмысты қоса атқаратын қызметкерлер; Университеттің академиялық емес әкімшілік персоналы; Университет қызметіне тартылған, Университетпен еңбек қатынастарымен байланысты емес өзге де адамдар;

4.1.4 Мүдделер қақтығысы - Университет қызметкерінің немесе лауазымды тұлғасының жеке қызығушылығы олардың лауазымдық міндеттерін бейтарап атқаруына әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін жағдай.

## **5 Мүдделер қақтығысын басқарудың негізгі принциптері**

4.1 Университет келесі қағидаттар негізінде әрекет ететін мүдделер қақтығысын басқару жүйесін белгілейді:

5.1.1 Нақты немесе ықтимал мүдделер қақтығысы немесе тіпті осындай қақтығыстың көрінуі туралы мәліметтерді міндетті түрде ашу;

5.1.2 Әрбір мүдделер қақтығысы үшін сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жеке қарау, бағалау және оны реттеу;


5.1.3 Мүдделер қақтығысы және реттеу процесі туралы мәліметтерді ашу процесінің құпиялылығы (қызметкердің, білім алушының қалауы бойынша);

5.1.4 Университет, қызметкер және білім алушы мүдделерінің теңгерімін сақтау;

5.1.5 Қызметкер, білім алушы уақтылы ашқан және университет реттеген (алдын алған) мүдделер қақтығысы туралы хабарламаға байланысты адамды қудалаудан қорғау;

5.1.6 Мүдделер қақтығысының пайда болуының неғұрлым ерте кезеңдерінде олардың алдын алу және оларға мұқият қарау;

5.2 Мүдделер қақтығысын алдын алу үшін қызметкерлер Этика ережелерін, Университеттің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартының талаптарын сақтауы қажет.

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру күні 2027 ж.
	Мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу жөніндегі саясат туралы	Е ШҚУ 008-24	5 бет 11 беттің

## 6 Мүдделер қақтығысын анықтау

6.1 Университет қызметі мүдделер қақтығысы туындауы мүмкін қызметкерлерді жұмысқа қабылдау кезінде мүдделер қақтығысының ықтимал тәуекелдерін анықтауға, кандидаттардың жеке, кәсіби қасиеттеріне және олардың беделіне қойылатын жоғары талаптарды белгілеуге міндетті.

6.2 Мүдделер қақтығысы субъектісі кез келген мүдделер қақтығысы туралы белгілі болған сәтте ол туралы ақпаратты Университеттің комплаенс-офицерінің назарына жеткізуге міндетті.

6.3 Құрылымдық бөлімшелердің басшылары қызметкерлердің мүдделер қақтығысын болдырмауға бағытталған белгіленген талаптарды, шектеулерді, тыйымдарды сақтауына қатаң бақылауды қамтамасыз етуге міндетті.

6.4 Университет осы Саясаттың талаптары бұзылған немесе осындай бұзушылықтың ықтимал мүмкіндігі бар деп пайымдауға негізі бар мүдделер қақтығысы субъектілерін бұл туралы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет жетекшісіне осы саясатты бұзған немесе бұзуға ықтимал мүмкіндігі бар адамдар туралы дереу хабарлайтын болады деп күтеді.

6.5 Университет басшылығы бірде-бір білім алушы, қызметкер Университет тарапынан жауапкершілікке тартылмайтынына және осы саясаттың талаптарын сақтауға немесе университетке осы құжаттың ықтимал немесе орын алған бұзушылықтары туралы хабарлауға байланысты университеттің бастамасы бойынша өзге де қолайсыз салдарларды сезінбейтініне кепілдік береді.

## 7 Мүдделер қақтығысын реттеу


7.1 Университет мүдделер қақтығысын реттеу бойынша өзіне міндеттеме алады.

7.2 Мүдделер қақтығысы субъектілері мүдделер қақтығысының кез келген салдарын, соның ішінде Университеттің, оның беделінің түсуі мен залалын барынша азайтуға міндетті.

7.3 Мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді ашу жазбаша түрде жүзеге асырылады. Туындаған (орын алған) мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді қабылдауға жауапты лауазымды тұлға Университеттің комплаенс-офицері болып табылады.

7.4 Нақты немесе ықтимал мүдделер қақтығысының болуы туралы ақпаратты Университет үшін туындайтын тәуекелдердің ауырлығын бағалау және осы қақтығысты шешудің ең қолайлы түрін таңдау мақсатында комплаенс-офицер мұқият тексеруі тиіс.

7.5 Мүдделер қақтығысы болып табылмайтын ахуал, реттеудің арнайы тәсілдерін қажет етпейді.

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру күні 2027 ж.
	Мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу жөніндегі саясат туралы	Е ШҚУ 008-24	6 бет 11 беттін

7.6 Егер қызметкерде мүдделер қақтығысы орын алған жағдайда, онда оның тікелей басшысы келесі шараларды қолданады:

7.6.1 Университет қызметкерін немесе үшінші тұлғаны мәселе бойынша қарауға немесе шешім қабылдауға қатысудан шеттету;

7.6.2 Университет қызметкерінің мүдделер қақтығысы туындауы немесе туындауы мүмкін ақпаратқа қол жеткізуін шектеу;

7.6.3 Қызметкерді мүдделер қақтығысын болғызбайтын лауазымға ауыстыру;

7.6.4 Мүдделер қақтығысы жағдайында қабылданған шешімнің күшін жою не оны ішінара толықтыру/өзгерту;

7.6.5 Заңнамаға қайшы келмейтін өзге де шаралар.

7.7 Мүдделер қақтығысын шешудің нақты шарасын таңдау туралы шешім қабылдау кезінде қызметкердің жеке мүддесінің маңыздылығын және осы жеке мүдденің Университет мүддесіне нұқсан келтіретіндей іске асырылу ықтималдығын ескеру маңызды.

7.8 Мүдделер қақтығысына жол бергені, сондай-ақ, оны реттеу бойынша шаралар қабылдамау үшін жауапкершілік туралы мәселені шешу Университет Директорлар кеңесіне бекітіледі.

## 8 Өзгерістер

8.1 Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу СІҚЕЖЖБӨ-нің рұқсаты бойынша Директорлар кеңесінің шешімімен бекітіледі және өзгеріс туралы хабарлама құжат түрінде оның қолы қойылып ресімделеді. Өзгерту туралы хабарлама парағы белгіленген нысанға сәйкес ресімделеді және осы Ереже орналасқан барлық құрылымдық бөлімшелерге беріледі. Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу ШҚУ ҚР 001-20 талаптарына сәйкес жүргізіледі. Сақтауға берілген Ережеге өзгерістер туралы хабарламаны шығаруды тек әзірлеуші жүргізеді. Ережеге өзгерістерді ҚБЖ өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу парағына міндетті түрде белгі қоя отырып енгізеді.

8.2 Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізгені үшін СХЫЖАБ және ҚБЖ жауапты болады.

8.3 Ережені тексеру кезеңділігін есепке алу парағындағы жазбаны міндетті түрде енгізе отырып, үш жылда бір реттен сиретпей ҚБЖ-мен қайта каралады.

8.4 Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін негіз болып табылады:

- нормативтік құжаттарға жаңадан өзгерістер мен толықтырулар енгізілген заң күші бар құқықтық актілер;
- басқарма төрағасы-ректордың бұйрықтары;
- құрылымдық бөлімшелер арасында міндеттерді қайта бөлу;
- құрылымдық бөлімшелерді қайта ұйымдастыру;

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру күні 2027 ж.
	Мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу жөніндегі саясат туралы	Е ШҚУ 008-24	7 бет 11 беттің

– СИҚЕЖжБӨ-нің рұқсатымен өзгерістер енгізу себептері көрсетілген ҚБЖ-нің қызметтік жазбасы.

8.5 Бөлімшенің атауы өзгерген кезде Ереже ауыстырылуы тиіс.

8.6 Ауыстырылған жағдайда университетте күші жойылған Ереженің барлық даналары алынып, жаңасына ауыстырылуы тиіс.

8.7 Ереженің ескіргендерін ауыстыру және алып тастау үшін ҚБЖ және СХЫЖАБ жетекшісі жауапты.

8.8 Күші жойылған Ереже күшін жою үшін негіздемесін, күнін, «Күшін жойды» деген жазуды жасаған адамның қолын көрсете отырып, «Күші жойылды» деген жазумен белгіленеді және мұрағатқа орналастырылады. Мұрағаттық құжаттар жұмыс үшін пайдаланылмайды.

## 9 Келісу, сақтау және тарату

9.1 ҚР-ның нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес Ережені келісуді ҚБЖ жүзеге асырады.

9.2 Ережені ҚБЖ әзірлейді.

Ереже келісіледі:

- СИҚЕЖжБӨ-мен;
- ҚҚЕЖББ-нің жетекшісімен;
- ПжҚҚБ-ның жетекшісімен;
- СХЫЖАБ-нің жетекшісімен;
- заңгер-кеңесшімен.

9.3 Ереже Саясат Директорлар кеңесінің шешімімен бекітіледі және ол жойылғанға дейін әрекет етеді.

9.4 Ереженің түпнұсқасы Корпоративтік хатшының құжаттамасында сақталады.

9.5 Барлық проректорлар мен құрылымдық бөлімшелер жетешілерінің Ереженің мазмұнымен танысуы, танысу парағына қол қойғызуға, осы Ереженің мазмұнымен міндетті түрде танысқаны туралы хабарлау жолымен жаңа қызметкерді университетке жұмысқа қабылдау кезінде ҚБЖ жауапты болады.

9.6 Есепке алынған Ережені жұмыс даналарын таратуды ҚҚЕЖББ жүзеге асырады.

9.7 Ереженің есепке алынған жұмыс данасының бөлімшеде сақталуы үшін жауапкершілік Корпоративтік хатшысына жүктеледі.


## ӘЗІРЛЕДІ:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы  
комплаенс қызметінің жетекшісі

- комплаенс-офицер



Қ.Е. Жексембаев

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру күні 2027 ж.
	Мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу жөніндегі саясат туралы	Е ШҚУ 008-24	8 бет 11 беттің


**КЕЛІСІЛДІ:**

Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі жөніндегі басшылықтың өкілі



И.В. Ровнякова

Құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің жетекшісі



А.К. Чудобаева

Персонал және құқықтық қолдау басқармасының жетекшісі м.у.а



К.Р. Раисова

Стратегия, халықаралық ынтымақтастық және аккредиттеу бөлім жетекшісінің м.а.



Д.К. Ниғманова

Заңгер-кеңесші



Д.М. Раева







